

Биоотын өндірісі саласындағы тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 21 желтоқсандағы № 776 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 255 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 13 қаңтарда № 6729 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 21 қазандағы № 5-3/513 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрінің 2013 жылғы 31 қазандағы № 285/НҚ бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.10.2013 № 5-3/513 және ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - ҚР Өңірлік даму министрінің 31.10.2013 № 285/НҚ бірлескен бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 қарашадағы Заңы 6-бабының 13) тармақшасын және «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы 38-бабының 2-тармағын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫЗ**

:

1. Қоса беріліп отырған Биоотын өндіру қызметін жүзеге асыратын субъектілер үшін тексеру парағының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қайта өңдеу өнеркәсібін және аграрлық азық-түлік нарығын дамыту департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді ;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуден өткен соң ресми жариялады ;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысы Е.И. Аманға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі

_____ А. Күрішбаев
_____ Ж. Айтжанова

Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және
сауда министрі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2010 жылғы 21 желтоқсандағы

№ 776 және

Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және

сауда министрінің

2010 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 255 бірлескен бұйрығымен

бекітілген

нысан

**Биотын өндіру қызметін жүзеге асыратын субъектілер үшін тексеру
парағы**

Органның атауы _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№ , күні)

Субъект атауы _____

СТН (БСН, ЖСН) _____

Субъектінің орналасқан мекен-жайы _____

№	Талаптардың тізімі	Қойылатын талаптарға сәйкестігі*	Қойылатын талаптарға сәйкес еместігі**
1	Биотынға кейіннен қайта өңдеу үшін қолданатын тамақ шикізатына арналған квота нормаларын сақтау		
2	Биотын өндірісі кезінде қолданатын тамақ шикізаты (бидай сыныбы)		
3	Биотын өндірісі бойынша сол бір зауытта биотын өндірушілердің санының сәйкестігі		
4	Биотын өндірісі паспортының болуы		
5	Есепке алатын бақылау аспаптарының болуы (оның жөнділігі)		

6	Шикізаттың генетикалық түрлендірілген көзі (объектісі) болып табылмайтындығын немесе генетикалық түрлендірілген көздерді (объектілерді) қамтымайтындығын растайтын, олардың қауіпсіздігін ғылыми негізде расталған және мемлекеттік тіркеуден өткен тамақ шикізатына арналған құжаттардың болуы	
---	---	--

* - қойылатын талаптарға сәйкестігі жағдайында «+» белгісі қойылады;

** - қойылатын талаптарға сәйкес еместігі жағдайында «-» белгісі қойылады

Тексеруді жүргізді _____
 (лауазымы) (аты-жөн) (қолы)

Талаптардың бұзылуы анықталған жағдайда жасалған нұсқаманың нөмірі мен күні _____ к ө р с е т і л е д і

(20 ____ жылғы « ____ » _____ (№ ____))

Тексерудің _____ қорытындысымен _____ таныстым
 (келісемін/келіспеймін) _____
 (аты-жөні) (қолы)

« ____ » _____ 20 ____ жыл

Тексерілген объект _____ тексеру қорытындысы бойынша
 (о б ъ е к т і н і ң а т а у ы)

келесі объектілер санатына ауыстырылады («+» белгісімен белгілеп қою):

жоғарғы дәрежедегі тәуекел	орта дәрежедегі тәуекел	аз дәрежедегі тәуекел
-	-	-

О р г а н н ы ң _____ л а у а з ы м д ы _____ т ұ л ғ а л а р ы :

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (аты-жөні)

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (аты-жөні)

О р г а н н ы ң _____ б а с ш ы с ы :

_____ (аты-жөні, лауазымы) _____ (қолы)